

Джузеппе Паси – КПО-ның бас директоры

Алдағы бірнеше жыл бойы енді КПО-ны Джузеппе Паси басқаратын болады, ол КПО-ның жаңа бас директоры қызметін Роджер Фокстан қабылдап алды. Роджер сияқты Джузеппе де Қарашығанақ кен орнын басқару мен пайдалануға жауап береді және Қарашығанақ кен орнының ары қарай өркендеуін қарастыратын консорциум мақсаттарының орындалуын қадағалайтын болады. Джузеппе Эни компанияда 24 жылдан бері жұмыс жасайды, осы уақыт ішінде ол мұнай мен газды дамыту саласында мол халықаралық тәжірибе жинақтады.

Осыдан біраз бұрын Джузеппе Эни компаниясының Египеттегі еншілес кәсіпорнында, яғни Каирда орналасқан International Egyptian Oil Company (IEOC) бас операциялық директоры және бас директордың орынбасары қызметтерін атқарған болатын. Бұл қызметте ол IEOC-тың стратегиялық дамуы мен өндірістік қызметіне жауап берді. Бұдан басқа осы уақыт ішінде ол IEOC-тың басқарма төрағасы қызметін де атқарды, яғни ең маңызды мәселелер бойынша шешімдер қабылдады.

Бұл үшін Джузеппе Эни-дің Миландағы бөлімшесінде бірқатар жауапты басшы қызметтерде жасады, сол сияқты Эни компаниясының атынан Египетте вице-президент және Солтүстік Африкада вице-президент қызметтерін атқарды. Аталған екі аймақ та Эни компаниясы үшін оның әлемдік энергетикалық секторын дамытудағы ерекше аймақтары болып табылатынын атап айтудымыз керек.

КПО-ның бас директоры қызметіне кірісе отырып, Джузеппе компанияға өзінің бай техникалық тәжірибесін ғана емес, сонымен бірге жобаны дамытуды стратегиялық басқару бойынша, қаржылық және жалпы басшылық жұмыстарындағы мол тәжірибесін қосатын болады. Ол әлемнің Италия, Египет, Норвегия және Ұлыбритания сияқты көптеген елдерінде тұрып, жұмыс жасаған.

Грэхам Скоттон КПО-ның өндіріс жөніндегі директоры

Грэхам Скоттон КПО-ның өндіріс жөніндегі директоры және Джузеппе Пасидің орынбасары болып тағайындалды. Бұрын бұл қызметті Антонио Балдассарре атқарған болатын. Грэхам Қарашығанақ кен орнының күнделікті өндірістік қызметіне, ұңғымалық операцияларды, кен орнының геология және игеру бөлімдерін, сол сияқты кен орнының өндірістік нысандарының модернизациясын қоса алғанда жауап береді.

Грэхам BG Group компаниясына жұмысқа жақында келген. Ал оған дейін ол 30 жыл бойы BP компаниясында жұмыс жасаған. Жақында ғана ол BP компаниясының Батыс Африка, Анголадағы бас директоры болатын. Бұл қызметте оның міндетіне BP компаниясы өз әріптестерінің атынан игеріп жатқан 18 & 31 тереңдік блоктарын игеру кіретін.

Бұдан басқа, Грэхам Египте және Азербайжандағы BP компаниясында бірқатар жоғары лауазымды қызметтерде жасаған. Оның кен орнын барлау мен игеруде, қолданыстағы бұрғылау және жобаны жалпы басқару ісінде мол тәжірибесі бар. Грэхам Джузеппе сияқты КПО компаниясына әлемнің нағыз күрделі жобаларын игеру мен пайдалану кезінде алған көп жылдық тәжірибесін қосатын болады.

Джузеппе сияқты Грэхам да әлемнің Ангола, Египет, Венесуэла, Норвегия және Ұлыбритания сияқты көптеген елдерінде тұрып, жұмыс жасаған.

Орал қаласындағы жаңа балалар бақшасы

Қыркүйек айының бірі күні Орал қаласының Жаңа Орда шағын ауданының балалары мен олардың ата-аналары үшін қуанышты күн болды. Олар бұл күні жаңа балалар бақшасының ашылу салтанатына жиналған болатын. Бұл салтанатты рәсімге КПО компаниясының бас директоры Роджер Фокс бастаған компания өкілдері де қатысты. Жаңа балалар бақшасының ашылу салтанатына қатысқан жоғары мәртебелі қонақтардың ішінде БҚО әкімі Бақтықожа Ізмұхамбетов бастаған Батыс Қазақстан облысының ресми өкілдері, сол сияқты «Уральскстройинвест» мердігерлік компаниясының басшылары да болды.

Балалар бақшасы ғимаратының әдемілігі мен кеңдігі көңіл қуантады, бұл нысан КПО компаниясының қаржысына салынып отыр, ал ол компанияның биылғы жылы осы аймақта жүзеге асырған көптеген әлеуметтік жобаларының бірі ғана – бұл туралы Б. Ізмұхамбетов мырза өз сөзінде атап айтты.

Жиналған қонақтар мен қала тұрғындарының алдында сөз алған Б. Ізмұхамбетов мырза: «Орал қаласы тұрғындарының атынан КПО компаниясына жемісті іскерлік қарым-қатынасы үшін шын көңілден алғыс айтуға рұқсат етіңіздер. Аймақ тұрғындарының игілігі жолындағы өзара іскерлік қарым-қатынасымыз жалғаса береді деп сенемін» – деді.

Өз кезегінде Роджер Фокс те



КПО компаниясы БҚО бойынша инвестициялық әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жөнінде өздеріне алған міндеттемелерін табысты орындап шығу үшін Батыс Қазақстан облысы әкімімен жұмысты жалғастыра беретінін айтты.

«Орал қаласының тұрғындары осы шағын аудандағы балалар бақшасының ашылуына асыға күткенін біз жақсы білеміз. Сондықтан да Орал қаласы үшін өте маңызды осы жобаны жүзеге асыруды қысқа мерзім ішінде орындап шыға алғанымызға қуаныштымыз. Мен Қарашығанақта болған 3 жыл уақыт ішінде біздің компания жүзеге асырған көптеген әлеуметтік жобалар құрылысының күәсі болғанды мақтан етемін, бұл маған адамдар игілігі жолындағы парымыз өтелгендей сезім әкеледі.

Сол сияқты соңғы 10 жыл

ішінде КПО компаниясы қанша мектептер мен ауруханаларды, стадиондарды, мәдениет нысандарын салғанын және жөндеуден өткізгенін, Оралдың жолдары мен жылу желілеріне күрделі жөндеу жасағанын атап айтып келеді. Бұдан басқа қазіргі таңда осы аймақ үшін маңызды әлеуметтік жобаның бірі болып табылатын Қарашығанақ – Орал газ желісінің құрылысы жалғасуда.

Сонымен бірге мен Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған 2008 жылғы Жолдауында білім беру және денсаулық сақтау саласы ең маңызды салалардың бірі болып жарияланғанын білемін. Орал қаласындағы және Батыс Қазақстанның селолық жерлерінде аз ғана уақыт ішінде болып жатқан үлкен өзгерістерді көру біз үшін қуаныш.

Бұдан басқа БҚО ресми басшылығының, соның ішінде БҚО әкімі Б. Ізмұхамбетов мырзаның жеке қолдауымыз біздің іскерлік қарым-қатынасымыздың мүмкін де емес екендігін қосып айтқым келеді. Біз бірге жұмыс жасап келе жатқанымызды және осы аймақта көптеген маңызды жобаларды жүзеге асырып жатқанымызды мақтан етеміз. Біз аймақтың дамуы үшін және бүкіл Қазақстанның, республиканың бүкіл азаматтарының игілігі үшін осы бағыттағы жұмыстарымызды жалғастыра беретін боламыз.

Сіздерді тағы да жаңа балалар бақшасының ашылуымен құттықтауға рұқсат етіңіздер, және сіздерге, сіздердің отбасыларыңызға мықты денсаулық,

балалар бақшасының құрылысы КПО-ның әлеуметтік бағдарламасының бір бөлігі болып табылады. «Уральскстройинвест» компаниясы жүзеге асырған жобаның құрылысы 2008ж. қаңтар айының ортасынан басталып, 2009 ж. тамыз айының аяғында аяқталған болатын. Балалар бақшасының екі қабатты үйі 12 топтан тұратын 280 балаға арналған. Толықтай аяқталған бұл жобаның құрылысы кезінде мынадай жұмыс көлемі жасалды: ғимарат құрылысы, лифтілерді орнату, қажетті құрал-жабдықтарды сатып алу және орнату, сантехника мен жылу батареяларын орнату, автономды қазандық пен ойын алаңының құрылысы.

Бұл ғимараттың өзгеше



мол табыстар, бақыт және гүлдену тілеймін».

Алдында айтылғандай, құны 3 миллион доллар тұратын бала-

комфортабелділігімен ерекшеленетін және барлық талаптарға жауап бере алатынын атап айтқым жөн.

КПО қызметкерлері - Эльбрусті бағындырушылар

2007 жылдың шілде айының 23 күні Ақсайдың шаңғышылар клубының үш қатысушысы, КПО компаниясының қызметкерлері - Олег Тендентник, Азизбек Габдуллин және Валерий Здравовтар 10 адамнан тұратын топтың құрамында Эльбрус тауының батыс жақ шыңына (биіктігі 5642 м) жорық жасады. Базальк лагерден шығу уақыты 03.50 болса, оралу уақыты -11.28.

КПО компаниясы және Ақсай шаңғышылар клубы Европаның биік тау шыңын бағындырушыларды құттықтайды және оларды мақтан етеді! Бұл көрсеткіш – біздің әріптестеріміздің тамаша спорттық қабілеттерін, төзімділігін және ерік-жігері мықтылығын көрсетеді.



